Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің
«Жастар ресурстық орталығы» КММ
Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, №28 үй, тел: 54-21-90, taraz_zhastar@mail.ru

"ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ "ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Шығыс № 01-135
14. 05 2025 ж.

«JASTAR» дамыту орталығы» ЖҚБ

Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ №14567800-1 конкурсының №76545175-ГСЗ3 лоты бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу бойынша қызметтер» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алуға қатысы Сіздің 2025 жылғы 12 мамырдағы №256735 хаттанызға келесіні хабарлайды:

1. «Жамбыл облысының КЕҮ Ассоциациясы» ЗТБ жарғысы конкурс талаптарына сәйкес келеді. Себебі жарғының 2.2 тармақшасында «Ассоциациясың қауымдастығы мүдделеріне жауап беретін, **Қазақстан Республикасының заңдарына**, Жарғысына және Құрылтай келісім-шартына қайшы келмейтін, Ассоциациясың алдына қойылған мақсаттардың орындалуына әсер ететін қызметті іске алады» деп көрсетілген.»

Ассоциациясың қауымдастығы мүдделеріне жауап беретін, Қазақстан Республикасының заңдарына, Жарғысына және Құрылтай келісім-шартына қайшы келмейтін, Ассоциациясың алдына қойылған мақсаттардың орындалуына әсер ететін қызметті іске асыра алады.

Сондықтан да, қызметтің мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалардың кем дегенде біріне сәйкес келеді» деп есептеліп 2 балл беріліп, конкурсқа қатысудан **шеттетілмейді.**

2. Конкурстық комиссия шешіміне сәйкес «Жамбыл облысының КЕҮ Ассоциациясы» ЗТБ ұсынылатын әлеуетті өнім берушінің жобасы Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасы бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды. Сондықтан 6 балл беріліп, шағым **қанағаттандырылмайды.**

3. «Жамбыл облысының КЕҰ Ассоциациясы» ЗТБ -нің жұмыс тәжірибесі 8 жылдан астам уақытты құрайды, алайда Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін жұмысы мүлдем көрсетілмеген, сондықтан конкурс комиссиясы нәтижесінің хаттамасы бойынша 8 бал орнына 4 бал қою қажет. Себебі, техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшасына сәйкес Өнім берушіде сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесі болмағандықтан –

«Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында сегіз жылдан астам жұмыс тәжірибесі» - осы критерий бойынша 4 балл берілу керек» деген шағым **қанағаттандырылды.**

4. «Жамбыл облысының КЕҰ Ассоциациясы» ЗТБ конкурсқа қатысу өтінімі бойынша талаптарға сәйкес құжаттарды тапсырған. Аталған шағым **қанағаттандырылмады.**

№14567800-1 конкурсының №76545175-ГСЗ3 лоты бойынша конкурс комиссия нәтижесінің хаттамасына наразылық бойынша:

1. Бағалау нәтижесі бойынша «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» атты өлшемшарты бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 3 балл қойылған. «Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі» - осындай өлшемшарт болған жағдайда ғана балл қойылу қажет. Конкурстық құжаттамада жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен счетфактураларының электрондық көшірмелеріне сәйкес балл дұрыс қойылған. Шағым **қанағаттандырылмады.**

2. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** өтілі мен біліктілігі Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына сәйкес әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті мамандар туралы мәліметтер (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17314 болып тіркелген) бағалау өлшемшарты бойынша «Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламалардың қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі немесе біліктілігі болады» деп есептеліп 2 балл берілді. Шағым **қанағаттандырылмады.**

Шағымда көрсетілген дәлелдер ішінара расталып, қорытындысы туралы хаттамаға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 25-бабының 3-тармағына сәйкес сотқа шағымдануға құқылысыз.

Мекеме директоры **А.Есиркепов**

Орын. С. Джаналиев
54-21-90